

**"Жоғары лауазымдық жалақылары белгіленген ауылдық жерлердегі жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" 2008 жылғы 16 маусымдағы № 170 қаулыға толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 300 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 18 желтоқсанда № 5-19-85 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 211 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 16.09.2016 № 211 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағы 9)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 238-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, сәйкес, "Шемонаиха ауданы білім беру бөлімінің Усть-Таловка кентінің балалар өнер мектебі" КМҚК ашылуына байланысты, Шемонаиха ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шемонаиха ауданы әкімдігінің "Жоғары лауазымдық жалақылары белгіленген ауылдық жерлердегі жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" 2008 жылғы 16 маусымдағы № 170 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-19-78 нөмірімен 2008 жылғы 4 шілдеде тіркелген, 2008 жылғы 11 шілдеде "Уба-Информ" газетінің № 28 санында жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

2-қосымша "Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламалар әкімгерінің, жоғары лауазымдық жалақылары белгіленген ауылдық жерлердегі жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі":

тармақпен толықтырылсын:

осы қаулының қосымшасына сәйкес "20. Оқытушы".

2. Тізбе келісу үшін Шемонаиха ауданының мәслихатына ұсынылсын.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

*Г. Ермолаев*

Шемонаиха ауданы әкімдігінің  
2008 жылғы 25 қарашадағы  
№ 300 қаулысына қосымша

**"Шемонаиха ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің жоғары лауазымдық  
жалақылары белгіленген ауылдық жерлерде жұмыс істейтін білім  
беру мамандарының лауазымдық тізбесі**

"20. Оқытушы".

*Шемонаиха ауданы*

*білім беру бөлімінің бастығы Т. Колтунова*